10) қарыз алушылар сақтандыру полистері, резервтік аккредитивтер, кепілгерліктер, сондай-ақ "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" "ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының және олардың еншілес ұйымдарының, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті дамыту және қолдау институттарының, экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұлттық компанияның, Standard & Poor's агенттігінің (Стандарт энд Пурс) "В"- дан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің кепілдіктері түрінде берілген қамтамасыз етудің болу жағдайларын қоспағанда, қарыз алушылардың бірі басқа қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін кепіл мүлкін, кепілдік, кепілгерлік беретін етіп байланысты болса;

11) қарыз алушылар:

мынадай мемлекеттердің: Андорра князьдігі, Лихтенштейн князьдігі, Либерия Республикасы, Монако князьдігі, Маршалл аралдары (Маршалл аралдары Республикасы) аумақтарында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылады, не;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ақпарат алмасу жөнінде міндеттемелер қабылдамаған офшорлық аумақтар тізбесіне жатқызған мемлекеттердің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылады, не;

ірі қатысушылары, үлестес тұлғалары, жақын туыстары, бірінші басшылары не осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген мемлекеттерде тіркелген немесе азаматтары болып табылатын осы қарыз алушылармен мәмілелер жасасуға мүдделі тұлғалары бар;

12) қарыз алушылар өзара бір-бірімен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа негіздер бойынша байланысты болған;

13) қарыз алушылар жылжымайтын мүлік құрылысы жөніндегі жобаның тапсырыс берушісін, салынып жатқан объект құрылысы бойынша үлескерлік қатысушыларды және үлескерлік қатысушылардың кепілгерлерін қоса алғанда жылжымайтын мүлік құрылысы жөніндегі жобаның қатысушылары болып табылады. Осы тармақшада аталған қарыз алушылар тобы құрған бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің мөлшері салынып жатқан объектінің құрылысы бойынша үлескерлік қатысушылар - жеке тұлғалардың және (немесе) үлескерлік қатысушылар кепілгерлерінің қатысуымен құрылған топ үшін осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларына сәйкес бір қарыз алушыға сияқты келетін тәуекел мөлшерінің жиынтық есебіне қабылданбайды.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Банктің қарыз алушыға қоятын талаптарының жалпы көлемі олар туындаған күні Нормативтерде белгіленген шектеулер шегінде болған, бірақ кейіннен соңғы 3 (үш) ай ішінде Банктің меншікті капиталы деңгейінің 5 (бес) пайыздан аспайтындай төмендеуіне байланысты не соңғы 3 (үш) ай ішінде қарыз алушыға талаптар 10 (он) пайыздан астам болып көрсетілген, шетел валюталарына теңгенің орташа өлшемді биржалық бағамының ұлғаюына байланысты банктің қарыз алушыға қоятын талаптарының ұлғаюына байланысты көрсетілген шектеулерден асып түскен жағдайларда, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативі орындалған болып есептеледі.

Көрсетілген жағдайларда банк шектеулердің асып кету фактісі туралы уәкілетті органды дереу хабардар етеді және есепті күнге және келесі 3 (үш) ай ішінде асып кетуді жою бойынша міндеттемелер қабылдайды, ал "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына берілген, секьюритизендірілген кредиттердің жиынтық сомасы бойынша шектеуден асып кеткен кезде - ағымдағы және одан кейінгі тоқсандар ішінде. Егер бұл асып кету көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері нормативінің асып кетуі, көрсетілген асып кету анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қарастырылады.

Банкке байланысты емес мән-жайлар бойынша банктің меншікті капиталы деңгейінің төмендеуі нәтижесінде нормативтің белгіленген ең жоғары мәндері мыналарға:

шетел валюталарына теңгенің биржалық бағамының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалауға;

банк активтері мен міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты асып кеткен жағдайда, бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативі 2022 жылғы 21 ақпаннан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде бұзылған болып есептелмейді.

Банк осындай асып кету анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бір қарыз алушыға арналған тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативін көрсетілген асып кету анықталған күннен бастап 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімде белгіленген ең жоғары мәндерден аспайтын деңгейге дейін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын келісуді ұсынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Егер бұл асып кету іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері нормативінің асып кетуі, көрсетілген асып кету анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қарастырылады.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Банкте есепті кезең ішінде кредиторлар мен салымшылар алдында мерзімі өткен міндеттемелер болған кезде өтімділік нормативтері өтімділік коэффициенттерінің орташа айлық негізде анықталатын есептік мәндеріне қатыссыз орындалмаған деп есептеледі.

банк міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты бір немесе бірнеше өтімділік коэффициенттерінің мәндері:

клиенттердің ақша қаражатының әкетілуіне;

шетел валюталарына теңгенің биржалық бағамының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалауға;

банк міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты, банкке байланыссыз жағдайлар бойынша белгіленген ең төменгі мәндерден төмендеген жағдайда 2022 жылғы 21 ақпаннан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді қоса алғанда бұзылған болып есептелмейді.

Банк осындай төмендеу анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтімділік нормативтерін көрсетілген төмендеу анықталған күннен бастап 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімде белгіленген ең төменгі мәндерден кем емес деңгейге дейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын келісуді ұсынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Егер осы төмендеу іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жойылмаса, өтімділік коэффициенттерінің төмендеуі аталған төмендеу анықталған күннен бастап осы нормативтердің бұзылуы ретінде қаралады.";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Банктер 2016 жылғы 1 шілде - 2018 жылғы 31 тамыз аралығында өтімділік тәуекелін бағалау мақсатында өтімділікті өтеу коэффициентін есептейді. Өтімділікті өтеу коэффициенті есептеу нәтижелері уәкілетті органға ай сайынғы негізде ұсыныла отырып, айдың соңғы жұмыс күнінде есептеледі. Өтімділікті өтеу коэффициентінің ең төмен мәні мынадай мөлшерде белгіленеді:

2018 жылғы 1 қыркүйек пен 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығында - 0,5;

2019 жылғы 1 қаңтар мен 2019 жылғы 31 желтоқсан аралығында - 0,6;

2020 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 наурыз аралығында – 0,8, 2020 жылғы 1 сәуір мен 2020 жылғы 30 қыркүйек аралығында – 0,60, 2020 жылғы 1 қазан мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,8;

2021 жылғы 1 қаңтар мен 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,9;

2022 жылғы 1 қаңтар мен 2022 жылғы 30 сәуір аралығында - 1.

2022 жылғы 1 мамыр мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,8;

2023 жылғы 1 қаңтар мен 2023 жылғы 30 маусым аралығында – 0,9;

2023 жылғы 1 шілдеден бастап – 1.

Өтімділікті өтеу коэффициентінің мәні белгіленген ең төмен мәнінен төмендеген, бірақ мынадай мөлшерден төмен емес жағдайда:

2018 жылғы 1 қыркүйек пен 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығында - 0,43;

2019 жылғы 1 қаңтар мен 2019 жылғы 31 желтоқсан аралығында - 0,50;

2020 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 наурыз аралығында – 0,68, 2020 жылғы 1 сәуір мен 2020 жылғы 30 қыркүйек аралығында – 0,50, 2020 жылғы 1 қазан мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,68;

2021 жылғы 1 қаңтар мен 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,77;

2022 жылғы 1 қаңтар мен 2022 жылғы 30 сәуір аралығында – 0,85;

2022 жылғы 1 мамыр мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,68;

2023 жылғы 1 қаңтар мен 2023 жылғы 30 маусым аралығында – 0,77;

2023 жылғы 1 шілдеден бастап – 0,85,

банк осындай төмендету анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өтімділікті өтеу коэффициентінің мәнін белгіленген ең төменгі мәннен кем емес деңгейге дейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жібереді және өтімділікті өтеу коэффициенті төмендеген күннен кейінгі айдың әр жұмыс күні үшін өтімділікті өтеу коэффициентінің мәнін және жетіспеушілікті белгіленген ең төменгі мәндерге дейін есептеп шығарады.

Іс-шаралар жоспары өтімділікті өтеу коэффициенті мәнінің белгіленген ең төменгі мәндерден төмендеген бірінші күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде

өтімділікті өтеу коэффициентін белгіленген ең төменгі мәндерден кем емес деңгейге дейін арттыру бойынша шараларды қамтиды.

Белгіленген ең төменгі мәндерге дейін жетіспеушілік белгіленген ең төменгі мәннің және өтімділікті өтеу коэффициентінің нақты мәні арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Белгіленген ең төменгі мәндерге дейінгі жетіспеушіліктер сомасы өтімділікті өтеу коэффициентінің мәні белгіленген ең төменгі мәндерден төмендеген күннен кейінгі айда 0,25 артық емес болса норматив орындалған болып саналады.

Норматив:

өтімділікті өтеу коэффициентінің мәні осы тармақтың екінші бөлігінің екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген деңгейден төмендеген;

өтімділікті өтеу коэффициентінің мәні белгіленген ең төменгі мәндерден, бірақ осы тармақтың екінші бөлігінің екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарында белгіленген шекте, соңғы 6 (алты) ай ішінде үш және одан да көп рет төмендеген;

өтімділікті өтеу коэффициентін белгіленген ең төменгі мәндерден кем емес деңгейге дейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асырмаған;

жетіспеушіліктер сомасы өтімділікті өтеу коэффициентінің мәні белгіленген ең төменгі мәндерден төмен болған күннен кейінгі айда белгіленген ең төменгі мәндерден 0,25 асып кеткен жағдайларда бұзылған болып есептеледі.

Өтімділікті өтеу коэффициенті:

клиенттердің ақша қаражатының әкетілуіне;

шетел валюталарына теңгенің биржалық бағамының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалауға;

банк міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты банкке қатыссыз жағдайда белгіленген ең төменгі мәннен төмен өтімділікті өтеу коэффициентінің мәні төмендеген жағдайда 2022 жылғы 21 ақпаннан бастап қоса алғанда 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде норматив бұзылған болып есептелмейді.

Банк осындай төмендеу анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай төмендеу анықталған күннен бастап 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімде өтімділікті өтеу коэффициентін белгіленген ең төменгі мәннен кем емес деңгейге дейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың сегізінші бөлігінде көрсетілген іс-шаралар жоспарын келісуді ұсынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Егер осы төмендеу іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, өтімділікті өтеу коэффициентінің төмендеуі көрсетілген төмендеу анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қаралады.";

81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"81. Банктер 2018 жылғы 1 қаңтар – 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығында өтімділік тәуекелін бағалау мақсатында есептеу нәтижелерін уәкілетті органға ай сайынғы негізде ұсына отырып, нетто тұрақты қорландыру коэффициентін есептейді.

Нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің ең төмен мәні мынадай мөлшерде белгіленеді:

2019 жылғы 1 қаңтар мен 2022 жылғы 31 мамыр аралығында – 1;

2022 жылғы 1 маусым мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,8;

2023 жылғы 1 қаңтар мен 2023 жылғы 30 маусым аралығында – 0,9;

2023 жылғы 1 шілдеден бастап – 1.

ең төмен мәні 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,0 мөлшерінде белгіленеді.

Нетто тұрақты қорландыру коэффициенті:

клиенттердің ақша қаражатының әкетілуіне;

шетел валюталарына теңгенің биржалық бағамының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалауға;

банк міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты оның мәні банкке байланыссыз жағдайлар бойынша белгіленген ең төменгі мәнінен төмендеген жағдайда 2022 жылғы 21 ақпаннан 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезенді қоса алғанда бұзылған болып есептелмейді.

Банк осындай төмендеу анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілген төмендеу анықталған күннен бастап 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімде нетто тұрақты қорландыру коэффициентін белгіленген ең төменгі мәннен кем емес деңгейге дейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын келісуді ұсынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жүзеге асырады.

Егер осы төмендеу іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда онда нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің төмендеуі аталған төмендеу анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қарастырылады.

”;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. k7 коэффициенті – Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер сомасының банктің меншікті капиталына қатынасы ретінде есептеледі.

Осы коэффициентті есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелер сомасына мыналар енгізіледі:

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы талап етілгенге дейінгі міндеттемелер, оның ішінде есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімі белгіленбеген міндеттемелер;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы бастапқы өтеу мерзімі 1 (бір) жылға дейін қоса алғанда, мерзімді міндеттемелер;

кредитордың міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуді шарт қоймай талап ету құқығымен Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы мерзімді міндеттемелер, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың мерзімді және шартты депозиттерін қоспағандағы банктердің мерзімді және шартты депозиттері.

Осы коэффициентті есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелер сомасынан мыналар алып тасталады:

Қазақстан Республикасының заңды тұлға бейрезиденттерінің ағымдағы шоттары; өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының кодтарын қолдану мен төлемдер тағайындау қағидаларына сәйкес экономиканың "басқа қаржы ұйымдары – коды 5", "мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – коды 6", "мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – коды 7" және "үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – коды 8" секторларына кіретін шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер;

халықаралық қаржы ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер;

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап халықаралық есеп айырысу жүйелері (ClearstreamBanking S.A. және EuroclearBankSA/NV) болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер;

банктің кастодиан шарты негізінде сақтауға қабылдаған қаражатының инвестицияланбаған қалдықтары;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-бас банктің алдындағы реттелген борыштық міндеттемелер;

2022 жылғы 1 наурыздан бастап 2023 жылғы 31 қаңтарға дейінгі кезеңді қоса алғанда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-бас банктің алдындағы бастапқы өтеу мерзімі 1 (бір) жылға дейін қоса алғанда депозиттер мен кредиттер, сондай-ақ корреспонденттік шоттағы қалдықтар түріндегі өзге де міндеттемелер.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Банктің ішкі активтері активтерді (ақша) және Қазақстан Республикасының резиденттеріне талаптарды (орналастырылған салымдар, берілген қарыздар, үлестік және борыштық бағалы қағаздар, дебиторлық берешек), Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуды, материалдық емес активтерді және тазартылған бағалы металдарды, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан (тұрған) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы

Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниямен жасалған сақтандыру төлемдері жөніндегі міндеттемелерді сөзсіз және өтеусіз орындау туралы тармақтары бар сақтандыру шарттарымен, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен қамтамасыз етілген, Қазақстан Республикасынан өңделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын қаржыландыру үшін берілген қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ теңгемен шығарылған және "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының сауда жүйесінде саудаланатын халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын білдіреді.

Банктің ішкі міндеттемелері реттелген борышты, мерзімсіз қаржы құралдарын, банк шығарған борыштық бағалы қағаздарды және кастодиандық шарт негізінде банк қабылдаған қаражатты қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы міндеттемелерді білдіреді.

Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентті есептеу мақсаты үшін Нормативтің 86 және 87-тармақтарына сәйкес жарғылық капиталдың, не;

Қазақстан Республикасының бейрезидент еншілес ұйымдарының реттелген борышына инвестициялар, Қазақстан Республикасының бейрезидент еншілес ұйымдарының акциялары шегерілген, бухгалтерлік баланс деректеріне сәйкес меншікті капиталдың 0,75-ке көбейтілген ең аз шамасы пайдаланылады.

Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициенті:

клиенттердің ақша қаражатының әкетілуіне;

шетел валюталарына теңгенің биржалық бағамының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалауға;

банк міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты банкке байланыссыз жағдайлар бойынша белгіленген ең төменгі мәндерден төмендеген жағдайда 2022 жылғы 21 ақпаннан 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді қоса алғанда бұзылған болып есептелмейді.

Банк осындай төмендеу анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай төмендеу анықталған күннен бастап 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімде банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентті белгіленген ең төменгі мәндерден кем емес деңгейге дейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың бесінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын келісуді оны ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Егер осы төмендеу іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша



коэффициентінің төмендеуі көрсетілген төмендеу анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қаралады.";

5-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ашық валюталық позицияның лимиттері есепті апта ішінде кез келген шетел валютасы (тазартылған бағалы металл) бойынша асып түскен жағдайда кейінгі 3 (үш) апта ішінде бұзушылық жіберген банк үшін бұзылған валюталар (тазартылған бағалы металдар) бойынша ашық валюталық позициялардың лимиттері осы Қағидалардың 3-тармағында белгіленген ашық валюталық позиция лимиттерінен 5 (бес) пайыздық тармаққа азаюымен айқындалады.

Жеке алынған шетел валютасы (тазартылған бағалы металл) ашық валюталық позициясының лимиттерін бұзылуы болып мыналар есептелмейді:

0,09 (нөл бүтін жүзден тоғыз) пайыз шегінде;

банкке байланыссыз себептермен, сот шешімі бойынша банк берген қарыз валютасының өзгеру бөлігінде банк белгіленген лимиттерді асыруы.

Егер банкке қатыссыз, сот шешімі бойынша банк берген қарыз валютасының өзгеру бөлігінде банк ашық валюталық позицияларының лимиттерін асырған болса, банк ол туралы тез арада уәкілетті органға хабарлап, көрсетілген шектен асып кету айқындаған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде жою бойынша міндеттемелер қабылдайды. Егер осы асып кету көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда онда валюталар бойынша ашық валюталық позиция лимиттерінің асып кетуі көрсетілген асып кету анықталған күннен бастап мұндай қалыптың бұзылуы ретінде қарастырылады.

Ашық валюталық позицияның лимиттері:

клиенттердің ақша қаражатының әкетілуіне;

шетел валюталарына теңгенің биржалық бағамының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалауға;

банк міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты әрбір шетел валютасы немесе тазартылған бағалы металл бойынша банкке байланыссыз жағдайларда ашық валюталық позицияның лимиттерінен асып кетуі жағдайында 2022 жылғы 21 ақпаннан 2023 жылғы 28 ақпан аралығындағы кезеңді қоса алғанда бұзылған деп есептелмейді.

Банк осындай асып кету анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілген асып кету анықталған күннен бастап 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімде ашық валюталық позиция лимиттерін белгіленген ең жоғары мәндерден аспайтын деңгейге дейін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың бесінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын келісуді ұсынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жүзеге асырады.

Егер осы асып кету іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, ашық валюталық позиция лимиттері мәндерінің асып кетуі осы асып кету анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қарастырылады."

Қазақстан Республикасының  
пруденциялық реттеу мәселелері  
бойынша өзгерістер енгізілетін  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
1-қосымша  
Ислам банктері үшін  
пруденциялық нормативтердің  
нормативтік мәндеріне және  
өзге де сақтауға міндетті  
нормалар мен лимиттерді есеп  
айырысу әдістемесіне  
2-қосымша

### Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі

№	Баптар атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
I топ		
1.	Қолма-қол теңге	0
2.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3.	Тазартылған бағалы металдар	0
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне қойылатын талаптар	0
5.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	0
6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар	0
	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі	

7.	немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	0
8.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	0
9.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша қойылатын талаптар	0
10.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар	0
11.	Ұлттық холдинг - оригинатор, Қазақстан Республикасының ұлттық басқарушы холдингі құрған ислам арнайы қаржы компаниясы шығарған исламдық бағалы қағаздар	0
12.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	0
13.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	0
14.	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған	0

	бағалы қағаздар, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар, Еуразиялық даму банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына номинирленген бағалы қағаздар	
15.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктерде ашылған корреспонденттік шоттар бойынша талаптар	0
II топ		
16.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20
17.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	20
18.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	20
19.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	20
20.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына қойылатын талаптар	20

21.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	20
22.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға қойылатын талаптар	20
23.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	20
24.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	20
25.	Ұлттық басқарушы холдингке дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 (жүз) пайызы тиесілі заңды тұлға-оригинатор құрған ислам арнайы қаржы компаниясы шығарған Қазақстан Республикасының исламдық бағалы қағаздары	20
26.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	20
	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен	

27.	төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар	20
III топ		
28.	Тазартылмаған бағалы металдар	50
29.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	50
30.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	50
31.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	50
32.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен төмен емес "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	50
33.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға қойылатын талаптар	50
	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB"-тен "BBB"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі	

34.	бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB"-тен "BB+"-ға дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банкке ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	50
35.	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары: (осы кестенің 53, 57 және 58-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда) берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнын 50 (елу) пайызды қоса алғанда аспайды	35
36.	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары: (осы кестенің 53, 57 және 58-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда) берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнынан 51 (елу бір) пайыздан бастап 85 (сексен бес) пайызға дейін қоса алғанда шекте болады	50
37.	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарға сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 52, 53, 54, 57 және 58-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	100
	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарға сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан астам және 50 (елу) пайыздан аз провизиялар (	

38.	резервтер) калыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 52, 53, 54, 57 және 58-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	75
39.	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарға сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 50 (елу) пайыздан астам провизиялар (резервтер) калыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық тұрғын қарыздарын және осы кестенің 52, 53, 54, 57 және 58-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	50
40.	<p>Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілерге берілген, мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін қарыздар:</p> <p>1) 2022 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 30 маусым аралығын қосқан кезеңде - қарыз сомасы меншікті капиталдың 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайызынан аспайды;</p> <p>2022 жылғы 1 шілдеден бастап – қарыз сомасы меншікті капиталдың 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды;</p> <p>2) қарыз валютасы – теңге</p>	<p>2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 30 маусымды қоса алғанда – 50</p> <p>2023 жылғы 1 шілдеден бастап – 75</p>
41.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар	50



	елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	
42.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	50
43.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен бастап "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	50
44.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар	50
45.	<p>Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері шығарған, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми тізімінің "Негізгі" немесе "Балама" алаңшаларының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енген, "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кепілдігіне ие, сомасы осы бағалы қағаздардың номиналды құнының кем дегенде 50 (елу) пайызын өтейтін және мына өлшемшарттарға сәйкес бағалы қағаздар:</p> <p>1) эмитенттің бір бағалы қағаздар шығарылымына инвестициялар көлемі жеке капиталдың 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды;</p> <p>2) бағалы қағаздарды шығару валютасы – теңге.</p>	50

46.	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар	50
IV топ		
47.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	100
48.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	100
49.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	100
50.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	100
51.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы резидент ұйымдарына, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына және Standard & Poor's (Стандард энд Пурс)	100

	<p>агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарына қойылатын талаптар</p>	
52.	<p>Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына және Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейін борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан хеджирлеудің тиісті құралдарымен өтелмеген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарына 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасымен берілген 1 (бір) жылдан астам мерзімі бар талаптар</p>	200
53.	<p>Жеке тұлғаларға, III топқа енгізілген тәуекелді қоспағанда, оның ішінде тұтынушылық кредиттерге 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін туындаған талаптар</p>	100
54.	<p>III топқа енгізілген тәуекелді қоспағанда, және тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан хеджирлеудің тиісті құралдарымен өтелмеген жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасымен берілген қарыздар, оның ішінде тұтынушылық</p>	200

	кредиттер бойынша 1 (бір) жылдан астам мерзімі бар талаптар	
55.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB-"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріне ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	100
56.	Басқа да ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 53, 57 және 58-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда)	100
	<p>2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсан аралығында жеке тұлғаларға берілген қамтамасыз етілмеген қарыздар, оның ішінде банк есептейтін мынадай өлшемшарттардың біреуіне сәйкес келетін тұтынушылық кредиттер:</p> <p>2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсан аралығында қарыздарды ай сайын мониторингтеу кезінде:</p> <p>1) қарыз алушы жеке тұлғаның орташа ай сайынғы кірісін есептеу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан соңғы 6 (алты) ай үшін жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірмені немесе қарыз алушы жалақыны қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан 6 (алты) ай бойы банктің төлем карточкалары арқылы алғаны туралы ақпаратты қолдана отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 9125 болып тіркелген "Қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген</p>	

57.	<p>түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысына сәйкес есептелген қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің деңгейі 0,35 асады;</p> <p>2) берген күннің алдындағы соңғы 24 (жиырма төрт) ай үшін кез келген қолданыстағы немесе жабылған қарыз және (немесе) ол бойынша сыйақы берешегі бойынша мерзімі өткен төлем күнтізбелік 60 (алпыс) күннен асады не төлем мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам 3 (үш) реттен артық кешіктірілсе;</p> <p>3) қарыздарды ай сайын мониторингтеу кезінде осы жолдың 1) немесе 2) тармақшаларында көрсетілген есеп айырысу үшін ақпарат жоқ. Банкте осы жолдың 1) немесе 2) тармақшаларында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, жеке тұлғаларға берілген қарыздар қамтамасыз етілмеген болып танылады және осы жолға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді</p>	150
58.	<p>Жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген басқа да қарыздар, оның ішінде тұтынушылық кредиттер (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 57-жолында көрсетілген жеке тұлғаларға арналған қарыздарды қоспағанда)</p>	100
59.	<p>Standard &amp; Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар</p>	100

60.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	100
61.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	100
